



**БҰЙРЫҚ**

*22.02.2024*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *35*

город Астана

**«Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық  
байқауының қорытынды кезеңін өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 22 ақпандағы №290 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» орталығының Педагогикалық шеберлік бөлімінің басшысы А.Садвакасова 2024 жылдың 23 ақпанында «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық байқауының қорытынды кезеңін А.Байтұрсынов атындағы Vinom school мектеп-лицейінің базасында (келісім бойынша) өткізуді ұйымдастырсын.

2. Байқаудың қазылар алқасының құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» орталығының бас есепшісі Қ.М.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражат есебінен төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ұйымдастыру-педагогикалық жұмысы жөніндегі орынбасары Г.М.Буралкиеваға жүктелсін.

Директор

**Ж. Бейсенбаева**